

Бурабай аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 21 ақпандағы № 5С-27/2 "Бурабай ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 25 қыркүйектегі № 5С-34/3 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 15 қазанда № 4399 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихаттың 2020 жылғы 25 ақпандағы № 6С-56/3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихаттың 25.02.2020 № 6С-56/3 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Р Қ А О - н ы ң е ск е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 6 бабына, "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 18 бабының 8 тармағына сәйкес Бурабай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТИ:**

1. "Бурабай ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы" Бурабай аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 21 ақпандағы № 5С-27/2 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4059 болып тіркелген, 2014 жылдың 10 сәуірде "Бурабай" және "Луч" аудандық газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

1) шешімнің тақырыбы жана редакцияда баяндалсын:

"Бурабай ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы";

2) шешімнің 1 тармағы жана редакцияда баяндалсын:

"Бурабай ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарына жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы және мың бес жұз еселік айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінен аспайтын сомада түрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік несие түрінде әлеуметтік қолдау шаралары ұсынылсын"

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың

XXXIV (кезектен тыс)

сессиясының төрағасы

Т.Жалмағамбетов

Аудандық мәслихаттың

хатшысы

Ө.Бейсенов

КЕЛІСІЛДІ

Бурабай ауданының әкімі

Т.Ташмағамбетов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК